

**«Бәйшешек» бөбекжайы МКҚК**

**09-01**

**«Звездочка» ересек тобының  
қазақ тілі пәні бойынша  
тақырыптық жылдық және  
айлық жоспарлары**

**Пән мұғалімі: Бектемирова А.Е.**

**2021-2022 оқу жылы**



**Ересек «Звездочка» тобының қазақ тілі пәнінен  
тақырыптық жылдық және айлық жоспарлары  
2021-2022 оқу жылы**

<b>№</b>	<b>Тақырыптары</b>	<b>Сағ.</b>
1	Сәлем! Сәлеметсіз бе! Сау бол! Сау болыңыз!	1
2	Кел, танысайық! Сенің атың кім?	1
3	Балабақша	1
4	Бақша бөлмелері	1
5	Бұл кім? Бақша қызметкерлері	1
6	Менің сүйікті ойыншықтарым	1
7	Аулада	1
8	Алтын күз	1
9	Жемістер мен көкөністер	1
10	Менің отбасым	1
11	Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет	1
12	Киімдер	1
13	Қыс келді	1
14	Тәуелсіздік күні	1
15	Отаным - Қазақстан	1
16	Жаңа жыл келді	1
17	Үй құстары	
18	Дала құстары	1
19	Үй жануарлары	1
20	Жабайы аңдар	1

21	Қанша? Неше? 1-5 сандары	1
22	Кел санайық! 1-10 сандары	1
23	Түстер	1
24	Бағдаршам. Жол ережесі	1
25	Көктем келді	1
26	Аналар мерекесі	1
27	Үй және дала гүлдері	1
28	Наурыз – Жыл басы. Мереке	1
29	Табиғат құбылыстары	1
30	Көліктер. Түрлері.	1
31	Дене мүшелер. Бас. Қол. Аяқ	1
32	Отыр. Тұр.	1
33	Достығымыз жарасқан.	1
34	«9 мамыр – Жеңіс күні»	1
35	Біз мектепке барамыз	1
36	Көңілді жаз	1

**Барлығы: 36 сағат**

**Пән мұғалімі: Бектемирова А.Е.**

### Қыркүйек айы 2021ж.

№	Тақырыптары	күні
1	Сәлем! Сәлеметсіз бе! Сау бол! Сау болыңыз!	07.09.2021
2	Кел, танысайық! Сенің атың кім?	14.09.2021
3	Балабақша	21.09.2021
4	Бақша бөлмелері	28.09.2021

### Қазан айы 2021ж.

№	Тақырыптары	Күні
1	Бұл кім? Бақша қызметкерлері	05.10.2021
2	Менің сүйікті ойыншықтарым	12.10.2021
3	Аулада	19.10.2021
4	Алтын күз	26.10.2021
5	Алтын күз!(қайталау)	02.11.2021

### Қараша айы 2021ж.

№	Тақырыптары	Күні
1	Жемістер мен көкөністер	09.11.2021
2	Менің отбасым	16.11.2021
3	Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет	23.11.2021
4	Киімдер	30.11.2021

### Желтоқсан айы 2021ж.

№	Тақырыптары	күні
1	Қыс келді	07.12.2021
2	Тәуелсіздік күні	14.12.2021
3	Отаным - Қазақстан	21.12.2021
4	Жаңа жыл келді	28.12.2021

### Қаңтар айы 2022ж.

№	Тақырыптары	Күні
1	Үй құстары	04.01.2022
2	Дала құстары	11.01.2022
3	Үй жануарлары	18.01.2022
4	Жабайы аңдар	25.01.2022

### Ақпан айы 2022ж.

№	Тақырыптары	Күні
1	Қанша? Неше? 1-5 сандары	01.02.2022
2	Кел санайық! 1-10 сандары	08.02.2022
3	Түстер	15.02.2022
4	Бағдаршам. Жол ережесі	22.02.2022

### Наурыз айы 2022ж.

№	Тақырыптары	Күні
1	Көктем келді	01.03.2022
2	Аналар мерекесі	01.03.2022
3	Үй және дала гүлдері	15.03.2022
4	Наурыз – Жыл басы. Мереке	29.03.2022

### Сәуір айы 2022ж.

№	Тақырыптары	Күні
1	Табиғат құбылыстары	05.04.2022
2	Көліктер. Түрлері.	12.04.2022
3	Дене мүшелер. Бас. Қол. Аяқ	19.04.2022
4	Отыр. Тұр	26.04.2022

### Мамыр айы 2022ж.

№	Тақырыптары	Күні
1	Достығымыз жарасқан.	03.05.2022
2	«9 мамыр – Жеңіс күні»	10.05.2022
3	Біз мектепке барамыз	17.05.2022
4	Көңілді жаз	24.05.2022

**Пән мұғалімі: Бектемирова А.Е.**

**«Бәйшешек» бөбекжайы МКҚК**

**Бекітемін:**  
**«Бәйшешек» бөбекжайының**  
**менгерушісі;**  
**А.Е.Тургунбекова**

**«Звездочка» ересек тобының  
қазақ тілінен ұйымдастырылған  
оқу қызметінің  
технологиялық картасы**

**Пән мұғалімі: Бектемирова А.Е.**

**2021-2022 оқу жылы**

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 07.09.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Сәлем! Сәлеметсіз бе! Сау бол! Сау болыңыз!

**Мақсаты:** Балаларға танысу, қоштасу үлгілерін үйрету.

**Сөздік жұмыс:** Сәлем, сау бол! Сәлеметсіз бе? Сау болыңыз!....

**Көрнекіліктер:** Қуыршақ, түрлі түсті суреттер, үлестірмелі карточкалар.

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

Шеңберге тұрғызып, амандастырып жаттықтырады. Айша қуыршақты қонаққа кіргізеді.

- Арман, сәлем!

- Сәлем, Қанат!

Шеңберге тұрып, амандасу сәті.

Бір-бірімен диалог жүргізеді.

*Ұжымдық-ізвестіру*

2. Екі амандасып тұрған суретті көрсете отырып, олар өзара: «Сәлем», - деп амандаса алатынын түсіндіреді де, бір баламен «Сәлем» деп, - өзі амандасып көрсетеді. Балалардың назарын үлкен адаммен амандасу үлгісіне аударып, үлкен кісілермен «Сәлеметсіз бе!» - деп амандасатындарын үйретеді. Қоштасқанда құрбыларымен - «Сау бол», үлкендерге «Сау болыңыз!» деп айту керек.

3. Дыбыстық жаттығулар орындау:

-сә-сә-сә- сәлем

-са-са-са- сау бол

-қо-қо-қо- қоштасу

4. Сергіту сәті.

5. Балалардың назарын суретке аударып, тақырыпты бекітеді. Қайталайды.

Суретпен жұмыс жүргізеді. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

6. Д/ойын: «Орнын тап»

7. Тіл дамыту.

Амансың ба, Алтын Күн!

Амансың ба, Жер Ана!

Амансың ба, достарым,

Сендерді көрсем қуанам.

8. Оқу қызметті қортындылап, аяқтау. Айшамен қоштасу. Өз ойларымен бөліседі.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Қазақ тілінде сәлемдесуді, қоштасуды.

**Игеру:** Дыбыстарды дұрыс айту керек екендігін игерді.

**Істей білу:** Шағын сөйлем құрап, сұрақтарға жауап бере алу.



## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 14.09.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** Кел, танысайық!

**Мақсаты:** Танысу үлгілерін үйрету.

**Сөздік жұмыс:** Сенің атың кім? Менің атым -,,,,,,, сенің атың - ....

**Көрнекіліктер:** Түрлі түсті суреттер, үлестірмелі карточкалар.

### *Қызмет кезеңдері*

#### *Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

Мұғалім балалармен «Сенің атың кім?» деген сұрақ пен «Менің атым -.....» деген жауапты бірнеше рет қайталатады. Шеңберге тұрғызып, олардың өзара танысуын ұйымдастырады, жаттықтырады.

- Сенің атың кім?
- Менің атым- .....

Шеңберге тұрып, амандасу сәті.Әр бала жанында тұрған баламен амандасады, есімін сұрайды және өзінің есімін айтады. Бір-бірімен диалог жүргізеді.

#### *Ұжымдық-ізвестіру*

2. Дыбыстық жаттығулар орындау:

-ің-ің-ің- менің

-ім-ім-ім- есімім

-ің-ің-ің- есімің

3. Сергіту сәті: Музыкамен қимылдар

4. Балалардың назарын суретке аударып, тақырыпты бекітеді. Қайталайды. Суретпен жұмыс жүргізеді. Балалардың жауабы.

#### *Рефлекстік- түзету*

Д/ойын: «Кімнің даусы?»

Мұғалім балалармен оқу қызметі барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Өз ойларымен бөліседі.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Қазақ тілінде танысу

**Игеру:** Дыбыстарды дұрыс айту керек екендігін игерді.

**Істей білу:** Шағын сөйлем құрап, сұрақтарға жауап бере алу.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 21.09.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Балабақша»

**Мақсаты:** Балабақшаға қатысты сөздерді меңгеру.

**Сөздік жұмыс:** Балабақша, бөлме, аула, қыз, ұл.

**Көрнекіліктер:** Балабақша суреттері, ойыншықтар

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік- ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2.- Балалар, біздің балабақша қалай аталады.

- «Бәйшешек»

- Балабақшамыз қос қабатты, биік. Бөлмелері жарық, кең

Балабақша туралы сұрақтар қойылады, балалар жауаптарын, өз ойларын айтады.

*Ұжымдастыру- іздестіру*

3.Дыбыстық жаттығулар:

-ең-ең-ең- кең

-ық-ық-ық- жарық

-бат-бат-бат- қабат

4.Сергіту сәті:

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз.

Дыбыстарды қайталайды. Өлеңді жаттайды.

*Рефлекстік- түзету*

5. Ойын: «Кім жылдам?»

Балалар шеңбер құрып ойынды бастайды

6.Қорытындылау:

Оқу қызметте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Өздеріне тиісті мадақ сөздерді естиді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балабақша, кең, қабат, жарық сөздерін меңгеру.

**Игеру:** Жаңа сөздермен танысты, дыбыстарды дұрыс айту керек екендігін игерді.

**Істей білу:** Өздерінің ойларын айта білу.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 28.09.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Бақша бөлмелері»

**Мақсаты:** Бөлме атаулары мен бөлмедегі зат атауларын үйрету.

**Сөздік жұмыс:** Ұйқы бөлмесі, ойын бөлмесі

**Көрнекіліктер:** Суреттер, ойыншықтар

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік- ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлеметсіңдер ме!

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2.- Балалар, біз бүгін қазақ тілі оқу қызметінде балабақша бөлмелерін аралаймыз.

- Топтарыңның атауы қандай?

- Топта қанша бөлме бар, бөлмелер қалай аталады?

Бөлмелер туралы сұрақтар қойылады, балалар жауаптарын, өз ойларын айтады.

*Ұжымдастыру- іздестіру*

3. Дыбыстық жаттығулар:

-бө-бө-бө- бөлме

-ұй-ұй-ұй- ұйқы

-ық-ық-ық- жарық

Дыбыстарды қайталайды.

4. Сергіту сәті

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жер еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен боп өседі.

*Рефлекстік- түзету*

5. Тіл дамыту.

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз.

6. Қорытындылау:

Оқу қызметте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Өздеріне тиісті мадақ сөздерді естиді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Бөлме атын білу.

**Игеру:** Жаңа сөздермен танысты, дыбыстарды дұрыс айту керек екендігін игерді.

**Істей білу:** Өз ойларын еркін айта білу.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 05.10.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Бұл кім?» «Бақша қызметкерлері»

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:**

- Сөздің дыбысталу мәдениетін қалыптастыру: тақырыптық сөздерді әдеби тілдегі норманы сақтай отырып айтуға үйрету, «ә», «і», «ң» дыбыстарын есту дұрыс айтуын нақтылау және бекіту;

-сөздік қорын молайту және белсендіру:сәлеметсіз бе, сау болыңыз, тәрбиеші, мұғалім, тәрбиешінің көмекшісі, аспазшы;

- тілдің грамматикалық құрылысын қалыптастыру: сабақ үстінде мұғалімнің сөзін тыңдап, түсіне білуге, сұрағына жауап беруге үйреті, таныс ойыншықтарды, заттарды атағанда, сөйлем құрап, айтқанда грамматикалық тұлғаларды дұрыс сақтап сөйлей білуге үйрету: менің тәрбиешім;

- байланыстырып сөйлеуге үйрету: Марина апай- аспазшы. Қуыршақ жоқ.

**Түзету:** тілді түсіну, зейін тұрақтылығын, фонетикалық қабылдау, есте сақтау қабілеттері мен ұсақ моторикасын дамыту.

**Тәрбиелік:** балалардың қазақ тілі сабағына деген қызығушылығын арттыру, сыпайы сөйлеуге баулу, балабақша қызметкерлерін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілік пен құралдар:**

демонстрациялық: Данышпан Үкі (қуыршақ театрынан), Сөз сандығы;

үлестіретін: фишкалар, жұмыс дәптерлері, түрлі түсті қарындаштар.

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік- ынталандыру*

Сәлемдесу.

1. «Сәлеметсіздер ме, балалар! Біз бүгін қазақ тілін үйренуді жалғастырамыз. Жаңа сөздер үйренбес бұрын, өткен сабақтарда үйренген сөздерді Данышпан Үкіге айтып берейік».

Д\о «Бұл қай жер?» (бақша бөлмелерінің атауларын қайталау).

-Бұл қай бөлме?

Осы үлгімен жалғастыру.

-Сәлеметсіз бе, мұғалім!

Жауап береді:

-Ойын бөлмесі.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

Жаңа тақырып үйренеміз.

1. Мұғалім:

Ән салғызып, билетіп,

Блғи бізбен жүреді.

Тақпақты да үйретіп,

Ойнатады, күледі.

Бұл не?

Данышпан Үкі балабақшаның қызметкерлері туралы қазақша атауларын үйренуді ұсынады. Суреттер бойынша әңгімелеу.

Чтобы научиться правильно называть людей, которые работают в детском саду, выучим нужные слова: тәрбиеші-воспитатель, тәрбиешінің көмекшісі- помощник воспитателя, аспазшы-повар, кітап-книга, оқиды- читает, жинайды-убирает, тамақ-еда, пісіреді-готовит.

2. Жаттығу: «Мынау кім?»

-Мынау кім? Бұл - тәрбиеші.

-Мынау-тәрбиешінің көмекшісі

-Мынау аспазшы

3. Сөздік жаттығу: «Жауап бер».

-Тәрбиеші не істейді?

-Тәрбиешінің көмекшісі не істейді?

-Аспазшы не істейді?

-Тәрбиеші кітап оқиды

-тәрбиешінің көмекшісі топты жинайды

-аспазшы тамақ пісіреді

4. «Кел, ойнайық!»

Балалар қайталайды, мәтінге сәйкес қимылдар жасайды

5. Тіл дамыту. М.Әлімбаев «Біздің балабақшада»

6. «Нелер?»

-Аю, қуыршақ, қоян, текшелер- ойыншықтар

7. Сикырлы қарындаштың тапсырмасы: «Балабақшаның суретін сал»

### **Рефлексивті-түзетушілік**

1. «Сөз сандығы».

Балалар үйренген сөздерін айтады, фишкаларды сандыққа салады.

2. Данышпан Үкі балаларды сабаққа жақсы қатысқандары, дәптердегі тапсырманы орындағандары үшін мадақтайды

Жетістіктеріне қуанады.

### **Күтілетін нәтиже:**

#### **Нені біледі:**

- балабақша қызметкерлерін қазақша атауды;
- етістіктерді дұрыс пайдалануды.

#### **Қандай түсініктерді игереді:**

- балабақша қызметкерлерінің жұмысы туралы ұғымдарды;
- қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратуды.

#### **Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:**

- нұсқауларды дұрыс орындау;
- сұрақтарды түсініп, дұрыс жауап беру;
- мәтінге сәйкес қимылдар жасау;
- дәптердегі тапсырманы орындау және қарындашты дұрыс ұстау

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 12.10.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншықтарым»

**Мақсаты:** Ойыншықты қазақ тілінде атап, сипаттай білу (санау, түсін айту), «Сенің атың кім?» деген сұрақты түсініп, жауап бере білу. Ойыншықтарды таза, сындырмай ұстауға тәрбиелеу. Тілге деген қызығушылығын арттыру.

**Сөздік қор:** доп, қуыршақ, аю, қоян, көбелек, үлкен, кішкентай, сары, қызыл, көк, қоңыр, ақ, 1,2,3.

**Көрнекі құралдар:** Қуыршақ, доп, аю, қоян, көбелек, техникалық құралдарды қолдану.

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік- ынталандыру*

**Тосын сый.** Қонаққа қуыршақ келеді. Балалармен амандасып, танысады.

Қуыршақ өзінің сүйікті ойыншықтарын алып келеді.

**Сергіту сәті** «Доп, доп».

**Д/О «Біз ойнаймыз».**

**Саусаққа арналған жаттығу.**

«Бала, бала, балақан».

**Үстел басында жұмыс.**

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

**Біздерде бар қуыршақ,**

**Бұзау, қозы, құлыншақ.**

**Ойыншықтар тыңдайды,**

**Әмір беріп, бұйырсақ.**

*Рефлекстік- түзету*

Сұрақтар қояды.

Балалар, Әсем желает сегодня с вами остаться в группе и у нее просьба чтобы вы всегда бережно относились к игрушкам

Әсем суреттерін балаларға сыйлайды.

Мнемотехника бойынша өлең.

**«Біздерде бар қуыршақ».**

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Ойыншықтар атауларын атау.

**Игеру:** Ойыншықтарды таза, сындырмай ұқыпты ұстауға.

**Біледі:** Өлеңді естерінде сақтауға.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 19.10.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Аулада»

**Мақсаты:** Аулада күнделікті қолданатын сөздермен таныстыру.

**Көрнекіліктер:** Тақырыпқа байланысты суреттер, таратпа карточкалар

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік- ынталандыру*

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Сәлемдеседі

Суреттер бойынша тақырыпқа назарларын салады.

*Ұйымдастыру- іздестіру*

3. Мұғалім балаларға суреттер бойынша берілген көріністерді түсіндіреді.

Ауладағы заттар, балалар онда не істеп жүргенін, бақша аула сыпырушының жұмысы, үлкендерге көмек беру, ауланы таза ұстау, т.б

4. Балалар сөздерді мұғалімнен кейін хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

5. Сергіту сәті.

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар ,

Біп-биік боп өседі.

*Рефлекстік- түзету*

7. Д/ойын: «Мекенін тап»

Балалар берілген карточкаларды ойынның шарты бойынша өз мекеніне орналастырады. Әсерлерімен бөліседі.

**Қорытындылау:**

Мұғалім балалармен оқу қызметі барысынан алған әсері туралы еркін әңгімелеу арқылы оқу қызметті қорытындылайды.

Өздеріне тиісті мадақ сөздерді естиді, бағалайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Аула жайлы түсініктерді білу.

**Игеру:** Жаңа сөздермен танысты, дыбыстарды дұрыс айту керек екендігін игерді.

**Біледі:** Өз ойларын еркін айта білу.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 26.10.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Алтын күз»

**Мақсаты:** Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен таныстыру.

**Сөздік жұмыс:** Жел, жаңбыр, найзағай, жапырақтың сарғаюы

**Көрнекіліктер:** Күз мегіліне байланысты суреттер, таратпа материалдар

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі. Шеңберге тұрып, амандасу сәті.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Сәлемдеседі

Суреттер бойынша тақырып туралы түсінік беру, назарларын суретке салады.

3. Балалар жаңа сөздерді мұғаліммен бірге хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

4. Дыбыстық жаттығулар орындау:

аң-аң-аң- жаңбыр

ға-ға-ға- найзағай

5. Сергіту сәті.

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Біп-биік боп өседі.

Бұлт ағады аулаққа,

Күз келіпті бау-баққа

Жаздай өскен жапырақ,

Шашылады жан-жаққа

6. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

7. Д/ойын: «Мезгілін тап»

Мақсаты: Балалар берілген таратпа материалдарды қолданып, суреттегі заттар мен құбылыстар қай мезгілге жататынын тауып қояды.

Балалар ойынды қызығып ойнайды. Дұрыс, бұрыстығын табады.

8. Мұғалім балалармен оқу қызметі барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі.

Оқу қызметте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балалар күздегі табиғат құбылыстарын біледі.

**Игеру:** Жаңа сөздерді есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Тақырып бойынша өз ойларын айтады.



## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 09.11.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Жемістер мен көкөністер»

**Мақсаты:** Көкөністер мен жемістердің түсін, дәмін ажырата білуге үйрету. Қандай? деген сұрақты түсініп, дұрыс жауап беруге үйрету. Ұ дыбысының артикуляциясын дұрыс айту. Сөздік қорын молайту және белсендіру.

**Сөздік жұмыс:** Көкөністер-овоци, жемістер-фрукты...

**Көрнекіліктер:** Жемістер мен көкөністердің суреттері, таратпа материалдар

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі. Шеңберге тұрып, амандасу сәті.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Сәлемдеседі

Суреттер бойынша тақырып туралы түсінік беру, назарларын суретке салады.

3. Балалар жаңа сөздерді мұғаліммен бірге хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

4. Күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, кеш келген күз – астық өнімін жинау мезгілі.

Дыбыстық жаттығулар орындау:

Са-са-са-

Ше-ше-ше-

5. Сергіту сәті.

6. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлексік-түзету*

7. Д/ойын: «Қайда өседі?» Балалар ойынды ойнайды.

8. Мұғалім балалармен оқу қызметі барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі. Оқу қызметте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балалар үйренеді.

**Игеру:** Жаңа сөздерді есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 16.11.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Менің отбасым»

**Мақсаты:** «Отбасы» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Сөздерді ажырата білуге және оларға «Мынау кім?» деген сұрақтарды қоюға үйрету; түстерді естеріне түсіріп қайталау.

**Сөздік қор:** ата, әже, әке, ана, отбасы.

**Көрнекі құралдар:** Отбасының суреттері, қуыршақ, үйдің макеті, техникалық құралдарды қолдану.

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

Шеңберге тұрғызып, амандастырып жаттықтырады.

**Дыбыстық жаттығу «Отбасы».**

Конверт туралы әңгіме.

**Тосын сый.** Жылаған қуыршақтың дауысы естіледі.

Балалармен амандасып, өз атын айтады, қазақ тілін үйренуге келгенін айтады.

Конвертегі суреттерді алып, орыс тілінде айтады.

- Отбасы қайда тұрады?

**Д/О. «Кім тұрады?»**

**Сергіту сәті:** «Орнымыздан тұрамыз».

Қуыршақ Дашаның тапсырмасы: суреттегі жемістерді отбасының мүшесіне таратып беру, түстерін атау.

**Саусаққа арналған жаттығу.**

«Мынау саусақ - ата».

**Үстел басында жұмыс.**

**Өлең «Мой отец – родной эке».** (техникалық құрал арқылы)

Мой отец – родной эке,

Мама милая – ана.

Моя бабушка - әже,

Добрый дедушка – ата.

Мы живем одной семьей,

И в семье и стар и млад,

Каждый этой дружбе рад.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Отбасы мүшелелерінің атауларын білу;

**Игеру:** Жаңа сөздерді есте сақтады.

**Біледі:** «Мынау кім?» деген сұрақты түсініп, жауап беру

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 23.11.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Үлкенге – құрмет, кішіге - ізет»

**Мақсаты:** Балаларды үлкендерді сыйлауға, өздерінен кішілерге қамқор болып, көмек беруге үйрету. «Кешіріңіз», «Отырыңыз», «Көмектесіп жіберейін» сөйлем арасындағы әріптер мен сөздерді анық айтуға, дыбыстарды таза айтуға үйрету.

**Көрнекіліктер:** Тақырыпқа сай суреттер мен көрнекіліктер

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі. Шеңберге тұрып, амандасу сәті.

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басы ғой.

Ал, кәнекей бәріміз

сәлем дейік үлкенге

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Сәлемдеседі

Суреттер бойынша тақырып туралы түсінік беру, назарларын суретке салады.

3. Балалар жаңа сөздерді мұғаліммен бірге хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

4. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Ыңыз-іңіз-

Ға-ға- Са-се-

5. Сергіту сәті.

«Мен көмекші баламын»

6. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

7. Д/ойын: «Кімнің даусы?»

Балалар ойынды ойнайды.

8. Мұғалім балалармен іс-әрекет барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі. Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Үлкенді сыйлауды, кішіге қамқор болуды.

**Игеру:** Көмек көрсетуді, сыпайы сөздерді есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 30.11.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Киімдер»

**Мақсаты:** Балаларға киімдер туралы түсінік беру, маусымдық киімдердің түрлерін ажырата білу, киім атауларын анық айтуға үйрету.

**Сөздік қор:** бас киім, жейде, шалбар, аяқ киім...

**Көрнекі құралдар:** Киімдердің суреттері, қуыршақ, тақырыпқа сай материалдар.

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

Шеңберге тұрғызып, амандастырып жаттықтырады.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

2. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Ки-ки-ки киім

Ше-ше-ше күртеше

3. Сергіту сәті.

Бала, бала, баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз.

Дыбыстарды қайталайды. Өлеңді жаттайды.

4. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

5. Әртүрлі киімдердің суреттерін көріп тұрмыз.

Енді Осы суреттегі киімдерді жылдың қай мезгілінде киеміз соған қарай топтаймыз.

Д/о: « Киімдерді топтау»

6. Мұғалім балалармен іс-әрекет барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі. Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Киім түрлерін ажырату.

**Игеру:** Маусымдық киімдердің түрлерін есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 07.12.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Киімдер»

**Мақсаты:** Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қысқы табиғат көрінісі, қысқы ойын түрлерін атау. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Балаларды жапсыру іскерлік дағдыларына машықтандыру, жапсыруды меңгеру. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Қарда омбығып, бет домбығып

Балалар сырғанап ойнайды.

Кейде ұлып, кейде ысқырып, ұйтқып боран соғады.

Бөбектерім айтыңдаршы

Бұл қай кезде болады?

Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілі.

Қыста ғана болады,

ұстасаң қолың тонады. (Қар)

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

2. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Қа-қа-қа Қар

Біз-ыз-ыз Аяз

3. Сергіту сәті

Боран соғар оң жақтан,

Боран соғар сол жақтан.

Қар атысып ойнасақ,

Су болады қолғаптар.

4. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

5. Д/ойын: «Мезгілін тап»

Балалар ойынды суреттерді қою арқылы ойнайды.

6. Мұғалім балалармен іс-әрекет барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі. Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Қыс ерекшеліктерін ажырату.

**Игеру:** Қыста болатын табиғат құбылыстарын есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 14.12.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Тәуелсіздік күні»

**Мақсаты:** Балалардың өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, Тәуелсіз Республиканың рәміздері туралы білу, оларға құрмет көрсету туралы үйрету. Сөздік қорын, тіл байлықтарын байытуға мән беру.

**Көрнекілікті құралдар:** Қазақстан мемлекетінің рәміздері, Астана қаласының ғиматар суреттері.

**Әдіс-тәсілдер:** Әңгімелесу, сұрақ-жауап.

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Аспанымыз ашық болсын,

Деніміз сау болсын.

Бір-бірімізбен дос болайық.

Тату тәтті болайық.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

- Балалар, біздің Республикамыз қалай аталады! Біз қай Республикада тұрамыз-?

- Қазақстан Республикасы

- Қазақстан қандай Республика-?

-Тәуелсіз Республика.

-Еліміздің астанасы қандай қала-?

-Астана қаласы

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

Рәміздер тұрған бұрышқа балаларды апару, әңгімелеу.

2 Д/ойын: «Кім бірінші?»

Ойын мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, байқағыштыққа, ойын ережесін дұрыс сақтауға үйрету.

3. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Қа-қа-қа Қазақстан

Ас-ас-ас Астана

4. Сергіту сәті

5. Мұғалім балалармен іс-әрекет барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі. Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** «Қазақстан - тәуелсіз ел» ұғымын түсінді.

**Игеру:** Қазақстан рәміздерін есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 21.12.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Отаным - Қазақстан»

**Мақсаты:** Балаларға Қазақстан Республикасы жайында толық мәлімет беру. Отаншылдыққа тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру, сұрақ-жауап.

**Көрнекіліктер:** Мемлекетіміздің Рәміздерінің, Астана қаласының суреттері.

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру, тілек айту.

- Күніміз шуақты болсын!
- Аспанымыз ашық болсын!
- Көк туымыз биік болсын!
- Елімізде тыныштық болсын!

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

- Балалар, біз қай елде, қай Республикада тұрамыз?
- Қазақстан Республикасында тұрамыз.
- Қазақстанның елордасы қай қала?
- Астана.
- Елбасымыз кім?
- Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев.
- Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?
- Әнұран, Ту, Елтаңба.

Балалар: Қазақстан Республикасының Әнұранын хормен орындайды.

Сергіту сәті:

Көтеріліп шаңырақ,  
Уықтары шаншылар.  
Керегелер керіліп,  
Өрімдей боп өрілер,  
Бәріміз жүрсек айналып,  
Киіз үй боп көрінер

Ойын «Кім жылдам?»

Шарты: Көк туды құрастыру

Балалар өз ойларымен бөліседі.

Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Қазақстан Республикасы жайында толық мәлімет.

**Игеру:** Қазақстан рәміздерін есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 28.12.2021ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Жаңа жыл келді»

**Мақсаты:** Балалардың қыстық мерекелер жайлы білімдерін кеңейту; жаңа жылдық мереке туралы түсініктерін дамыту; сөз таптарын білдіретін сын есім, үстеу сөздер жайлы түсініктерін қалыптастыру.

**Сөздік жұмыс.** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту

**Көрнекіліктер:** Аяз ата, Ақшақар, безендірілген шырша, сыйлықтар суреттері

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, әңгімелесу, аудиотаспамен ән тыңдату

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Жаңа жылдық мерекелердің жақындағанын білдіретін әуеннің аудиотаспасын қойып, балалар эмоциясын байқау, мереке туралы сұрақтар қою, жауаптар

3. Балалар жаңа сөздерді мұғаліммен бірге хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

4. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Ңа-ңа-ңа- Жаңа жыл

Ша-ша-ша- Ақшақар

5. Сергіту сәті.

Балалар мерекеге жаттаған тақпақтарымен бөлісіп, қимылдар жасау.

6. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

7. Ойын: «Сыйлықты тап»

Балалар жасырынған сыйлықты белгілер арқылы тауып ойнайды.

8. Мұғалім балалармен іс-әрекет барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі. Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балалар үйренеді.

**Игеру:** Жаңа сөздерді есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.



## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 04.01.2022ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Үй құстары»

**Мақсаты:** Балалардың құстар жайлы, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, "үй құстары" - деп аталудың себептерін түсіндіру; олардың ерекшеліктері жайлы түсінік беру; дауыстарын ажыратуды меңгерту.

**Сөздіктер:** "тауық, үйрек, қаз, әтеш, күркетауық", "үй құстары", "қытқылдайды", "қаңқылдайды", "барқылдайды"

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, әңгімелесу, аудиотаспамен дауыс тыңдату

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Үй құстары дауыстарының аудиотаспасын қойып, тауық, әтеш, күркетауық, қаз, үйрек дауыстарын ажыратуын қадағалау, сұрақтар қойып, жауаптар алу.

3. Балалар жаңа сөздерді мұғаліммен бірге хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

4. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Қа-қа-қа- қаз

Еш-еш-еш- әтеш

Ық-ық-ық- тауық

5. Сергіту сәті.

«Қуыр, қуыр, қуырмаш»

6. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

7. Дидактикалық ойын: «Ненің даусы?»

Балалар аудиотаспаны тыңдау арқылы үй құстарының атауын айтып, дауыстарын салып ойнайды.

8. Мұғалім балалармен іс-әрекет барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі. Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балалар үйренеді.

**Игеру:** Жаңа сөздерді есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 11.01.2022ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Дала құстары»

**Мақсаты:** Балалардың құстар жайлы, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, "дала құстары" - деп аталудың себептерін түсіндіру; олардың ерекшеліктері жайлы түсінік беру; дауыстарын ажыратуды меңгерту.

**Сөздіктер:** "тырна, сауысқан, қыран, шағала, торғай...", "дала құстары", "шиқылдайды", "қарқылдайды", "қиқулайды"

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, әңгімелесу, аудиотаспамен дауыс тыңдату

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Дала құстары дауыстарының аудиотаспасын қойып, тырна, сауысқан, қыран, шағала, торғай дауыстарын ажыратуын қадағалау, сұрақтар қойып, жауаптар алу.

3. Балалар жаңа сөздерді мұғаліммен бірге хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

4. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Қы-қы-қы- қыран

Ғай-ғай-ғай- торғай

Ыр-ыр-ыр- тырна

5. Сергіту сәті.

«Тырна, тырна, тырналар»

6. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

7. Дидактикалық ойын: «Ненің даусы?»

Балалар аудиотаспаны тыңдау арқылы дала құстарының атауын айтып, ойнайды.

8. Мұғалім балалармен іс-әрекет барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі.

Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балалар үйренеді.

**Игеру:** Жаңа сөздерді есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 18.01.2022ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Үй жануарлары»

**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары жайлы біліп, "төрт түлік" - деп аталудың себептерін түсіндіру; олардың ерекшеліктері жайлы түсінік беру; дауыстарын ажыратуды меңгерту.

**Сөздіктер:** "түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі", "төрт түлік", төлдері: бота, құлын, бұзау, қозы, лақ

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, әңгімелесу, суреттер, аудиотаспамен дауыс тыңдату

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Төрт түлік малдың дауыстарының аудиотаспасын қойып, түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі дауыстарын ажыратуын қадағалау, төрт түлік малдың төлдері туралы сұрақтар қойып, жауаптар алу.

3. Балалар жаңа сөздерді мұғаліммен бірге хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

4. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Қо-қо-қо-        қозы

Құ-құ-құ-        құлын

5. Сергіту сәті.

«Төрт түлігім қайдасың?» Тақпақпен түліктерді шақыру.

6. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

7. Дидактикалық ойын: «Ненің даусы?»

Балалар аудиотаспаны тыңдау арқылы төрт түліктің атауын айтып, бейнесін көрсетіп ойнайды.

8. Мұғалім балалармен іс-әрекет барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі. Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балалар үйренеді.

**Игеру:** Жаңа сөздерді есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 25.01.2022ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Жабайы жануарлар»

**Мақсаты:** Балалардың жабайы жануарлар жайлы түсініктерін арттырып, "андар" - деп аталудың себептерін түсіндіру; олардың ерекшеліктері жайлы түсінік беру; дауыстарын ажыратуды меңгерту.

**Сөздіктер:** "қасқыр, аю, жолбарыс, арыстан, піл...", "андар"

**Әдіс-тәсілдер:** Сұрақ-жауап, әңгімелесу, суреттер, аудиотаспамен дауыс тыңдату

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Жабайы жануарлар дауыстарының аудиотаспасын қойып, қасқыр, аю, жолбарыс, арыстан, піл дауыстарын ажыратуын қадағалау, сұрақтар қойып, жауаптар алу.

3. Балалар жаңа сөздерді мұғаліммен бірге хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

*Ұйымдастыру-ізвестіру*

4. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Қас-қас-қас-            қасқыр

Аң-аң-аң-             андар

5. Сергіту сәті.

«Қорқақ қоян» Қимылдар жасап сергу.

6. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

7. Дидактикалық ойын: «Ненің даусы?»

Балалар аудиотаспаны тыңдау арқылы андардың атауын айтып, бейнесін көрсетіп ойнайды.

8. Мұғалім балалармен іс-әрекет барысынан алған әсерлері туралы еркін әңгіме жүргізу арқылы оқу қызметті қорытындылайды. Балалар өз ойларымен бөліседі. Іс-әрекетте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балалар үйренеді.

**Игеру:** Жаңа сөздерді есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 01.02.2022ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Қанша? Неше?»

**Мақсаты:** 1-ден 5-ке дейін санай алуға үйрету.

**Сөздік жұмыс:** Бір, екі, үш, төрт, бес.

**Көрнекіліктер:** Сандардың суреттері, көрнекіліктер

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік-ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі. Шеңберге тұрып, амандасу сәті.

2. Суретте барлығы қанша көбелек? Гүл көп пе, көбелек көп пе?

Қанша көлік жолда тұр? Қанша бала доп ойнап жүр?

Санды суреттер арқылы сұрақтар қойылады, балалар жауаптарын, өз ойларын айтады.

3. Балалар жаңа сөздерді мұғаліммен бірге хормен, кейін жеке-жеке қайталайды.

*Ұйымдық-ізвестіру*

4. Дыбыстық жаттығулар орындау:

Са-са-са- сандар,

Ше-ше-ше- неше

5. Сергіту сәті.

Оң қолымда бес саусақ

Сол қолымда бес саусақ

Беске бесті қосқанда

Болады екен он саусақ

6. Суреттермен жұмыс жүргізу. Балалардың жауабы.

*Рефлекстік-түзету*

7. Д/ойын: «Жоғалған санды»

Мақсаты: 1 мен 5 сандары арасындағы қалып қойған санды тауып орнына қою.

Сандардың ретін, қай саннан кейін және қай санның алдында тұру керектігін білу.

Балалар ойынды ойнайды.

8. Оқу қызметті қорытындылап, аяқтау. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Балалар беске дейін санауды үйренеді.

**Игеру:** Жаңа сөздерді есте сақтады.

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сұрақтарға жауап бере алды.

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 08.02.2022ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Кел, санайық!»

**Мақсаты:** 10-ға дейін санай алуға үйрету.

**Сөздік жұмыс:** алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

**Көрнекіліктер:** Тақырыпқа байланысты санды суреттер

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік- ынталандыру*

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Сәлемдеседі

Суреттер бойынша тақырып туралы түсінік беру, назарларын суретке салады.

Өткен оқу қызметті қайталап, сандарды еске түсіреді.

*Ұйымдастыру- іздетіру*

3. Мұғалім балалармен 5-ке дейінгі сандарды қайталайды. Содан кейін 10-ға дейінгі сандармен танысады.

4. Сергіту сәті: қимылмен дене жаттығуларын жасау.

5. Кері және тура санау.

Балалардың жауабы.

*Рефлекстік- түзету*

6.

Бір дегенім- бесік. Шықтың содан өсіп. Екі дегенім – елім. Далам, тауым, көлім, Үш дегенім – үміт. Үміт артар жігіт. Төрт дегенім – төзім. Төзе білем өзім. Бес дегенім – бақыт. Бағалайтын уақыт.	Алты деген – ақыл, Тыңдағаның мақұл. Жеті деген – жалау, Жүректегі алау. Сегіз деген – сөзің, Серт беретін кезің. Тоғыз деген – тоқтау, Елдің жоғын жоқтау. Он дегенім – Отан, Қорға оны, ботам!
---	---

7. Д/ойын

«Көршісін тап» ойынын ойнау;

8. Қорытындылау.

Өздеріне тиісті мадақ сөздерді естиді. Бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені білу керек:** Онға дейін санай білу.

**Игеру:** Жаңа сөздермен танысты, дыбыстарды дұрыс айту керек екендігін игерді.

**Істей білу:** Өз ойларын айта білу

## Ұйымдастырылатын оқу қызметінің технологиялық картасы.

**Күні:** 15.02.2022ж.

**Білім беру саласы:** Қатынас

**Бөлімі:** Қазақ тілі.

**Тақырыбы:** «Түстер»

**Мақсаты:** Түс атауын үйрету.

**Сөздік жұмыс:** Ақ, қара, қызыл, көк, жасыл.

**Көрнекіліктер:** Тақырыпқа байланысты түсті суреттер, топтағы заттар, таратпа материалдар

### *Қызмет кезеңдері*

*Уәждемелік- ынталандыру*

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім балалармен жылы қарым-қатынас орната отырып, олардың оқу қызметіне деген жақсы көңіл күйінің қалыптасуына баса көңіл аударады.

2. Сәлемдеседі

Суреттер бойынша тақырып туралы түсінік беру, назарларын суретке салады.

*Ұйымдастыру- іздестіру*

3. Мұғалім алақан түрінде берілген түстерді атап көрсетеді. Балалар қайталап, есте сақтау үшін жеке-жеке жауап береді.

4. Сергіту сәті.

Қызыл, жасыл, сары, көк

Түстерді біз білеміз!

Сары күн, көк аспан,

Қызыл гүл, жасыл шөп

Ауада суретін саламыз,

Ойнаймыз, демаламыз!

5. Балалар суретте берілген заттарды атайды содан соң бояйды. Қандай түске бояғанын айтады.

6. Дыбыстық жаттығу.

Ақ-ақ-ақ – айнала аппақ

Ік-ік-ік – осы ірімшік

6. Жұмбақ шешу.

Қысы, жазы – бір түсте. (*Шырша*)

*Рефлекстік- түзету*

**Қорытындылау:**

Оқу қызметте қолданылған сөздерді қайталай отырып, жаңа сөздерді қайталап, бекіту. Мадақтау, бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

